

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жыртқыш аңдар: Түлкі

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- түлкі қандай аң екендігі туралы білімін еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды неге дауысты дыбыс, буын санын жазады;
- түлкіні бұған дейінгі танысқан аю мен арыстанмен салыстырып, ұқсастығын тауып түсіндіреді;
- түлкінің суреті оның қай әрекетін бейнелеп тұрғандығы туралы ой қорытады;
- суретті бояу үшін қанша қарындаш керек артығын (X) белгісімен белгілеп, тапсырманы орындайды;
- бағалайды, салыстырады.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- түлкі қандай аң білетіндерін жинақтайды;
- үш тілде қайталайды, дауысты дыбысты белгілеп, буын санын анықтайды;
- салыстырып, ерекшелігін көрсетеді;
- түлкі бейнесін, салып, қандай әрекет бейнеленгенін болжайды;
- суретті назар аударып қарап қой қарындаштың артық екенін белгілейді, тапсырманы орындайды;
- салыстырады, ұнаған, ұнамағанын белгілейді.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сурақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)



<https://www.youtube.com/watch?v=pkXWZhy9lf8>


Көрсетілімді қарай отырып, түлкі туралы білетінімізді еске түсіріп әңгімелейміз.  
(коммуникациялық дағды қалыптасады).

**ЖЫРТҚЫШ АҢДАР – ТҮЛКІ  
(кітапшамен жұмыс)**

1. *Полилингвалдық компонент:* үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру).

Өздік жұмыс

2. Үш тілде қайталаймыз, қанша дауысты дыбыс, буын, барын анықта.
3. Арыстан, аю, түлкі (<, >) салыстыр, ұқсастығы: жыртқыш аң.



4. Түлкінің әрекетін бейнелеп, өздерінше ой түйінде.
5. Артық қарындашты X белгілеп, суретті бояймыз.



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.